

*Н. Н. Сүлейменова, ғылыми-зерттеу институтының криминологиялық мәселелерді зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ДЕҢГЕЙІН ҚЫСҚАША ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама аясында Атырау облысындағы экстремистік және террористік қылмыстың түрлерінің жағдайына талдау жүргізілді.

Атырау облысының аумағы 118 631 шаршы километрді (4,4 %, 12-орын) құрайды. Облыс — Батыс Қазақстан облысымен, шығысында Ақтөбе облысымен, оңтүстік-шығысында Маңғыстау облысымен және батысында Ресейдің Астрахан облысымен шектеседі. Облыстың құрамына 2 қала (Атырау, Құлсары қалалары), 7 аудан (Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет аудандары), 11 кент, 183 ауылдық елді мекен кіреді. Аталған облыстың тұрғындарының саны 595 653 адамды, халықтың құрамы көп ұлтты, басым бөлігін қазақтар 91,7 %, орыстар 5,8 %, корейлер 0,54 %, татарлар 0,40 % және тағы басқа ұлт өкілдері 1,29 % құрайдыⁱ.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мәліметі бойынша 2016 жылғы қаңтарда жұмыс сұрағандар саны 1924 адамды, оның ішінде ауылдықтар — 980 адамды құрады. Жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында 5999 адам ресми тіркелген (тіркелген жұмыссыздар үлесі 1,9 %) құрайдыⁱⁱ. Атырау облысының аумағында 41 діни бірлестік және олардың филиалдары қызмет етуде. Олардың 29-і исламдық, оның ішінде: Атырау қаласында — 6, Исатай ауданында — 2, Индер ауданында — 3, Құрманғазы ауданында — 3, Махамбет ауданында — 3, Мақат ауданында — 3, Жылыой ауданында — 6, Қызылқоға ауданында — 3; 3-і православтық, оның ішінде: Атырау қаласында — 2, Индер ауданында — 1; 2-і католиктік, оның ішінде: Атырау қаласында — 1, Жылыой ауданында — 1; 7-і протестанттық бағыттағы оның ішінде: Атырау қаласында — 6, Жылыой ауданында — 1 діни бірлестіктерⁱⁱⁱ. 2015 жылы облыс аумағында шетел миссионерлер ретінде 11 шетел азаматтары тіркелген, оның ішінде: 2 — Италия, 1 — Молдавия, 1 — Словакия және 7 — Польша азаматтары. Заңды тіркелген миссионерлерге рұқсат куәлігі берілген. 2013 жылдан бастап облыстық «Иманғали» орталық мешітінің Атырау қаласы Балықшы шағын ауданында сауат ашу курсы «Ислам орталығы» жұмыс жасайды. Орталықта теологтар күнделікті діни сауат ашқысы келетіндерге дәріс береді. Елімізде тыйым салынған «Таблиғи жамағат» діни-миссионерлік ұйымының ерушілерімен мешіт имамдары және теологтармен жиі кездесіп, түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 2015 жылы олардан 7 кісі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш медресесіне оқуға жіберілген. Жергілікті жастардың арасынан терең білімді, араб тілін жетік меңгерген дін мамандарын дайындау мақсатында Атыраудың 2 азаматы бір жылға Мысыр еліне барып біліктілігін артып келген.

Облыс тұрғындарының діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында 14 ақпараттық-түсіндіру тобы құрылып, оның ішінде облыстық – 2, қалалық – 2, аудандық – 10 жұмыс жасаған. Барлығы – 114 адам мүше, құрамында мемлекеттік қызметкерлер және бюджет саласының өкілдері, тұрғындар арасындағы абыройлы азаматтар, ардагерлер мен зиялы қауым, Қазақстан халқы Ассамблеясының және этномәдени топ өкілдері, жастар ұйымдары, білікті теолог-дінтанушылар, исламтанушылар, мәдениет, өнер және спорт саласының өкілдері, қоғамдық бірлестіктер, мәслихат депутаттары, жастар ұйымдарының өкілдері және БАҚ өкілдері енгізілген. Діни тұрақтылықты және рухани келісімді күшейту мақсатында ақпараттық-түсіндіру тобы 1522 ақпараттық іс-шара ұйымдастырып, өткізіп, оған 196719 мыңнан астам тұрғын қатысқан.

Теолог, психолог мамандар дәстүрлі емес діни ағымдардан жапа шеккен, сенім телефонына хабарласқан, жеке сұхбаттарға, жеке кездесулерге барлығы 916 адамға кеңес берген.

Облыстағы проблемаларды анықтау, анықталған проблемаларды шешу үшін діни ахуалға тұрақты түрде ай сайын және тоқсанына бір рет мониторинг жүргізіп отырады. Атырау облысы Дін істері басқармасының Ақпараттық-талдау орталығының тапсырысы негізінде 2015 жылы «Теріс пиғылды діни бірлестіктерге жастардың тартылуының алдын алу бойынша және жастар арасында діни ахуал тұрақты қоғамдық пікірді зерттеу», «Облыс тұрғындарының діни сауатын арттыруға арналған ақпараттық-түсіндіру және қоғамға қауіп келтіретін теріс діни ағымдар туралы халықты ақпараттандыру жұмыстарының пәрменділігі», «Атырау облысында адамдардың көпшілік жиналу нысандарының антитеррорлық қорғалу жағдайының деңгейін анықтау» атты тақырыптарында әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, нәтижесімен дер уақытында қорытындылары облыс басшылығына және құқық қорғау органдарына ұсынылған.

2015 жылғы 11-18 тамыз аралығында облыстық тәуелсіз «Ақжайық» газетінің ресми сайтында қоғамдық пікірді бағалау мақсатында жарияланған облыс тұрғындары арасында «Сіздің ұжымыңызда (мекемелерде, оқу орындарында, аулада) облыс аумағында дін саласында ақпараттық-үгіт-насихат топтарымен кездесу қажетпе?» тақырыбындағы сауалнамаға қатысқан 1092 адамның 531-і (48 %) кездесулерді қажет деп тапса, ал 501-і (45 %) мұндай кездесулерді ұйымдастыру жұмысын қолдамаған. Респонденттердің 60-қа жуығының (5 %) бұл мәселеге деген қызығушылығы жоқтығы байқалған.

2014 жылы мыңнан астам жергілікті тұрғындармен, оқу орындарындағы оқушылармен және студенттермен кездесулер мен шараларда сауалнама жүргізілген. Олардың 56,4 %-ы қазіргі уақыттағы Атырау облысындағы діни ахуалды тұрақты, 22,3 %-ы күрделі, 9,7 %-ы тұрақсыз, 11,6 %-ы қауіпті деп бағаланған. Дәстүрлі дін мен дәстүрлі емес діни ағымды респонденттердің 60,3 %-ы ажырата алса, ал 33 %-на ажырату қиынға түскен. Қалған 6,7 %-ы «отбасы мүшелерінен сұраймын» деп өз ойларын білдірген екен.

Сауалнаманың көрсеткіштерін саралай келе, қоғам ішінде діни ахуалға алаңдаушылық байқалды, алайда діни сауаттылықты арттыру мақсатында өткізілетін әртүрлі форматтағы шараларға оң көзқарас танытылып, қолдау білдіріліп отырғаны белгілі болды.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық материалдарды жариялау үшін екі облыстық, жеті аудандық және орталықтан шығатын мерзімді басылымдарда «Иман», «Религия», «Имандылық», «Ізгілік нұры», «Иман нұры», «Діни рәсім» және т. б. айдарлар мен арнаулы беттер ашылған.

2013 жылдан бері «Қазақстан Атырау» облыстық телерадиосында «Иман нұры» телебағдарламасы және «Жұмадағы тілдесу» радиобағдарламасы тікелей эфирде көрсетіледі. Бағдарламаға еліміздің өзге де облыстарының тұрғындары сауалдарын қойып, жауаптарын алады.

2015 жылы жергілікті және республикалық басылымдарда, облыстық «Атырау-Қазақстан» телеарнасында, сонымен қатар, келесідей интернет ресурстарда: www.centre-ato.kz, www.atr.kz, www.pricom.kz, www.azh.kz, www.islam-atyrau.kz, www.shapagat-atyrau.kz және www.matrudi.kz сайттарына жалпы барлығы 3980 ақпарат таратылған.

Атырау облысы Дін істері басқармасы «Ақпараттық-талдау орталығы» Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қолдауымен дін саласындағы мемлекеттік саясатты интернеттегі әлеуметтік желілерде насихаттайтын, құрамы 10 адамды қамтыған блогерлер тобы 2015 жылдың маусым айынан бастап жұмыс істейді. 2014 жылдың қазан айынан бастап өңірдегі дін саласына қатысты мемлекеттік саясатты, дәстүрлі дінімізді, ұлттық құндылықтарымызды, дінаралық татулықты халық арасында насихаттау мақсатында «Руханият әлемі» облыстық ақпараттық-танымдық газеті жарық көруде. Аталмыш газет 1500 данадан, айына екі рет шығарылып, мешіт жамағаттарына, облыс тұрғындарына тегін таратылады.

Қоғамда дін рөлінің күшеюіне байланысты діни бірлестіктердің қызметі, сонымен қатар деструктивтік діни ағымдардың белсенділігі байқалуда. Осы кезекте Атырау облысы Дін істері департаменті мүдделі мемлекеттік органдармен бірігіп, облыста қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақтылығын сақтау бойынша, қоғамда конфессияаралық келісімді

күшейтуге, халықтың арасында діни сауаттылықты арттыру бойынша кешенді жұмыстар атқаруда.

Атырау облысы Дін істері басқармасының «Ақпараттық-талдау орталығы» бар. Оның құрылудағы басты мақсаты облыстағы діни және қоғамдық-саяси ахуал мәселелеріне талдау жүргізу, тұрақтылықты қамтамасыз ету, деструктивтік діни ағымдардың теріс әсері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, діни ағымдардың қызметінен зардап шеккендерге көмек көрсету, әлеуметтік зерттеулер жүргізу және талдау жұмысын ұйымдастыру болып табылады. Орталықта 4 бөлім қызмет атқарады. Соның ішінде «Оңалту жұмысын ұйымдастыру» бөлімі діни сауаттылықты арттыру, дәстүрлі діни құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында діни бағытты ұстанушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүзеге асырады^{iv}. Орталықтың қызметкерлері ислам теологиялық оқу орындарында оқып жатқан 45 азаматтың үйіне барып, туыстарымен кездесуге әрекет жасаған. Соның ішінде 15-ін тұрғылықты мекен-жайларына барғанның өзінде табуға мүмкіндік болмаған. Жүргізілген жұмыс барысында 20 ата-ана мен туыстарының шетелге діни білім аламын деп кеткен балаларын қолдап отырғаны, сонымен қатар оларды дұрыс жолда деп есептейтіні, ал 6 ата-ана шетелде жүрген балаларының оқуын мүлде қолдамайтындығы және қазіргі таңда 4 азамат елімізге оралғаны анықталды^v. 2015 жылы Атырау облысында дін саласында болған қақтығыстар мен негативті құбылстар белгіленген жоқ. Алайда салафизм идеологиясын ұстанушылардың нақты сандарының бар болуы өзекті мәселе болып табылады. Оның ішінде Атырау қаласында, Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет аудандарында бар болуы. Қазіргі таңда салафиттердің саны тұрақты төмендеу үрдісі байқалуда. Оның ішінде радикалдық ұстанушылар болған жоқ. Дәстүрлі көзқарастарды ұстанатын дін қызметкерлеріне және дінді ұстанушыларға салафиттер жағынан агрессивті мінез-құлық көрсету фактілері тіркелген жоқ.

Терроризм жағдайына шекаралас мемлекеттердегі «шиеленістік ошақтарының» болуы үлкен ықпал етеді^{vi}. Деструктивті діни ағымдардың криминологиялық жағдайы Атырау облысының географиялық орналасуына байланысты. Бір жағынан Ресейдің Астрахань облыстарымен шекараласып, оның арғы жағы Кавказ елдерімен байланысып жатса, бергі жағы Каспий теңізі арқылы бірнеше исламдық дінді ұстанған мемлекеттермен шектесіп жатуында. Сонымен қоса, Атырау облысында жер асты байлығын игеретін шетелдік инвесторлар көп шоғырланғаны да өз әсерін тигізуде. Облыста 2015 жылғы қаңтар-желтоқсан айларының қорытындысы бойынша көші-қонның келуі 12051 адамды, ал кеткендердің саны 11863 адамды құрады. Түркиядан 29,8 %, Қытайдан 26,3 %, Ресейден 56 адам, яғни 16,5 % келген. Әсіресе, Өзбекстаннан және Өзбекстаннан көші-қоны көп келеді^{vii}.

Облыстың аумағында 4 түзеу мекемелері бар. Олар: УГ — 157/9 (жалпы режимдегі колониясы), УГ — 157/11 (әйелдер колониясы), УГ — 157/1 (тергеу изоляторы), ИК — 66. Облыста діни үрдістерді жүйелі талдауда, сонымен қатар жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері бойынша Атырау облысының діни ахуалына тұрақты деген баға беруге болады.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Атырау облысы бойынша діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресті белсендіру үшін келесідей шараларды ұсынамыз:

1) келген көші-қонның арасында басқа діни ағымдарды ұстанушыларда болады. Осы бағытта шетелден келген көші-қонды қадағалауды күшейту қажеттілігі туындап отыр.

2) діни экстремизм құбылыстарына қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпараттық құралдарымен бірігіп жұмыс жасау керек. Ақпараттық құралдарда дәстүрлі дін жайында көп мәліметтер айтылуы керек. Заманауи ақпараттық технологиялар өмір салтын, адамдардың ойлау қабілетін, қоғамдық институттардың және мемлекеттік билік институттарының функциялау механизмдерін өзгертіп, қоғамның даму векторына сапалы әсерін тигізеді.

3) аумақта жедел әрекет ету тобын құру мақсатқа лайықты. Оның құрамына прокурорлар, теологтар, психологтар, имамдар, дін басқармасының қызметкерлері және құқық қорғау органдарының қызметкерлері кірулері тиіс. Мысалы, Дін істері басқармасының «Ақпараттық талдау орталығының» 46-74-43 немесе «Шапағат» деструктивтік діни ағымдарынан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығы» қоғамдық

қорының 755-660 сенім телефондарына хабарласқан көмек қажет болып тұрған адамның қай жерде тұрған мекенжайын сұрап, сол жерге барып, жоғарыда аталған әр қызметкер өз бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстарын, алдын алу шараларын қолдану керек.

4) құқық қорғау органдарының қызметкерлері біліктіліктерін арттыру курстарынан өткен уақытта жедел әрекет етуді жоспарлау туралы сабақтарын өткізу керек. Оның мақсаты қызметкерді экстремизм мен терроризм жайлы қандай да бір ақпарат алған кезде жедел қимылдарға көшпес бұрын дұрыс жоспар құруға үйрету. Себебі дұрыс қойылмаған жоспарсыз алдын алу жұмыстарын жүргізуде қателіктер жіберуге болады. Бұл тұрғыдан діни экстремизм мен терроризм бойынша жедел түрде басты жоспар құрастырудан тәжірибесі бар құқық қорғау органдары мамандарының қатысуымен өткізілуі қажет.

5) аумақтағы учаскелік полиция инспекторлары жалға берілетін пәтер-лер мен үйлерге, онда тұратын тұрғындарға бақылау жұмысын күшейту керек.

6) ауылдық жерлерде кәмелет жасқа томағандармен жұмыс істеу инспекторлары девианттық мінез-құлқы бар балалармен, тұрмыс жағдайы төмен отбасының балаларымен жұмыс жасауын арттыру қажет.

i Атырау облысы — справочная система «Wikipedia» // Электрондық ресурс < <https://kk.wikipedia.org/>

ii Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы // Атырау. — 2016. — № 1 — С. 15.

iii Вузы, университеты, институты в Атырау // Электронный ресурс: <http://www.spr.kz>

iv Атырау облысы дін істері басқармасының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 31-01-7/125 кіріс хаты.

v Арай Нұғыманова. Діни сауатты арттыру — негізгі міндет // Электрондық ресурс: www.m-astana.kz

vi Қ. Н. Әбуғалиев. Терроризммен күрестің жауаптылығы мен проблемалары мәселелерін реттейтін заңнама мониторингі // Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Хабаршысы. — 2014. — № 4 — С. 3.

vii Миграция населения в январе-декабре 2015 г. // Электронный ресурс: <http://atyrau.stat.gov.kz/ru>